

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Жабайы жануарлар

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/53391/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Білім беру саласы: Қатынас**Бөлімі:** Сауат ашу және жазу**Тақырыбы:** Жабайы жануарлар**Мақсаты:** жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту**Міндеттері:** 1. Жазуға қолдарын жаттықтыру

2. Жабайы жануарлардың мекені, қоректенуі туралы түсініктерін меңгерту
3. Ұқыпты, таза жазуға тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілі: сұрақ - жауап, түсіндіру.**Көрнекілігі:** жабайы жануарлардың суреттері**Сөздік жұмыс:** жабайы аң

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс — әрекеті	Балалардың іс — әрекеті
---------------	--------------------------	-------------------------

<p>Мотивациялық қызығушылық</p> <p>Іздену - ұйымдастыру</p>	<p>Балалар шаттық шеңберіне дөңгелене тұрады. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз Жарқыраған күндейміз Ренжісуді білмейміз!</p>	<p>Өлең жолдарын қайталап, сәкес қимылдар жасайды</p>
<p>Дәптермен жұмыс</p> <p>Сергіту сәті</p>	<p>— Жабайы аңдарға нелер жатады? — Неліктен жабайы аңдар дейміз? — Жабайы аңдарды қайдан көруге болады? Д/о: «Хайуанаттар бағына орналастыр» М/ты: хайуанаттарды торларға орналастыра білу Жұмбақтар шешу. — Өзі қу, жүрген жері айғай да шу. — Өзіне болған қорған - орман, ішінде бар бір аң қорбаң - қорбаң. Ол не? «Жабайы жануарлардың қорегі» әңгімелеу Ә.Дүйсековтың «Тіл» өлеңін оқу — Тіл әдісті біледі, Тұмсығымен іледі. — Тіл көтергіш кран! - деп, Бала біткен күледі. Сурет бойынша әңгіме құрастыру, тапсырмаларды орындау.</p>	<p>Балалардың жауаптары</p> <p>— Түлкі — Аю</p> <p>Өлең мазмұнын түсінгенін айтады</p>
<p>Бекіту</p> <p>Қорытынды</p>	<p>Ормандағы аю, қонжық ұялардан бал іздеді, Мойындарын оңға бұрды, солға бұрды Орман ішін аралады, ағаштарды шайнап көрді Оңға бір, солға бір ағаштарды байқап көрді Аяқтарын көтеріп ап, қуанғаннан билеп берді Оңға бір, солға бір қуанғаннан билей берді</p> <p>Дәптердегі орындаған тапсырмаларды қорытындап айтады. — Жабайы аңдарға қандай қамқорлық көрсету керек? — Жабайы аңдар немен қоректенеді? — Сен қандай жабайы аңдарды көрдің?</p>	<p>Өлең жолдарын қайталап, сәйкес қимылдар жасайды.</p> <p>Сұрақ - жауап.</p>

Күтілетін нәтиже.

Білуі тиіс: жабайы аңдарды атай білуі

Игеруі тиіс: жабайы жануарлардың мекендеген жерін, қоректенуі жайлы түсінуі

Істей алады: сурет бойынша әңгіме құрастыра алады

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.